

**Калыкбаева Алмагул Жакановнанын**  
**«6D010500 - Дефектология» мамандығы бойынша философия докторы**  
**(PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Инклюзивті білім беру**  
**жағдайында психикалық дамуы тежелген оқушылардың оқу**  
**жетістіктерін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру» тақырыбындағы**  
**диссертациялық жұмысына**  
**АҢДАТПА**

**Зерттеу тақырыбы:** Инклюзивті білім беру жағдайында психикалық дамуы тежелген оқушылардың оқу жетістіктерін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру

**Зерттеу мақсаты:** Инклюзивті білім беру жағдайында психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының математика сабағында өзін-өзі бағалау дағдысын қалыптастыру әдістемесін әзірлеу.

**Зерттеу міндеттері:**

1. Инклюзивті білім беру жағдайында психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін өзіндік бағалауды ұйымдастырудың теориялық негіздерін жалпылау;

2. Инклюзивті білім беру жағдайындағы бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін өзін-өзі бағалау ерекшеліктерін анықтау;

3. Психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының математика сабағында өзін-өзі бағалау дағдысын қалыптастыру әдістемесін әзірлеу және енгізу.

4. Инклюзивті білім беру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін өзін-өзі бағалау дағдысын қалыптастыру бойынша мұғалімдерге ұсыныстар әзірлеу.

**Зерттеу әдістері:**

1. Психологиялық-педагогикалық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге теориялық талдау жасау, педагогикалық зерттеулерге талдау жасау, салыстырмалы талдау;

2. Эмпирикалық әдістер: бақылау, сауалнамалар, тестілеу және сұрақ-жауап, оқушылардың жұмыстарын контент-талдау, психологиялық-педагогикалық эксперимент (тұрақтаушы, қалыптастырушы, бақылаушы);

3. Математикалық статистика әдістері.

**Негізгі ережелер:**

1. Инклюзивті білім беру жағдайында психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының оқудағы жетістіктерін өзін өзі бағалау дағдыларын қалыптастыру қажеттілігі және қалыптастыру әдістемесінің болмауы арасындағы қарама-қайшылықтарды шешу мәселелері.

2. Психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін өзін-өзі бағалау дағдысын қалыптастыру моделі әзірленді.

3. Математика сабағында арнайы тапсырмалар арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін өзін-өзі бағалау дағдысын кезең-кезеңімен қалыптастыру әдістемесі әзірленді.

4. Бастауыш сынып мұғалімдеріне инклюзивті білім беру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыру бойынша әдістемелік нұсқаулар әзірленді.

#### **Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы:**

Диссертациялық жұмыс теориялық және практикалық маңыздылыққа ие және олар алынған зерттеу нәтижелерінде көрініс тапқан:

1. Инклюзивті білім беру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыру анықталды.

2. Психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін өзін-өзі бағалау дағдысын қалыптастыру моделі әзірленді.

3. Математика сабағында арнайы тапсырмалар арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін өзін-өзі бағалау дағдысын кезең-кезеңімен қалыптастыру әдістемесі әзірленді.

4. Бастауыш сынып мұғалімдеріне инклюзивті білім беру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулар әзірленді.

#### **Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі**

**Бірінші нәтиже:** Алыс, жақын шетел ғалымдары мен отандық ғалымдардың ғылыми еңбектері сараланды. Инклюзивті білім беру жағдайында оқытуды ескере отырып, психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін өзіндік бағалау бойынша ғылыми деректер жинақталып, талдау жасалды.

**Екінші нәтиже:** Бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін өзін-өзі бағалау ерекшеліктері анықталды, инклюзия жағдайында ПДТ оқушылар мен қалыпты оқушыларда өзін-өзі бағалау дағдысын қалыптастырудың өзара байланысы негізделді.

**Үшінші нәтиже:** SMART, Блум таксономиясы қағидаттары негізінде бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін өзін-өзі бағалау дағдысын кезең-кезеңімен қалыптастырудың моделі мен әдістемесі әзірленді.

**Төртінші нәтиже:** Инклюзивті білім беру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыру бойынша бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

#### **Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі**

Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басым міндеттері «... педагогикалық білім беруді жаңғырту, өскелең ұрпақтың зияткерлік, рухани, адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету» болып табылады. Қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасында енгізіліп жатқан инклюзивті білім беру жағдайында бұл міндет толығымен мүмкіндігі шектеулі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қатысты.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 5 (11-3), (21-4) баптарына сәйкес 2022 жылдың 12 қаңтардағы №6 бұйрығымен бекітілген толықтыруларында білім алушылардың білім алуы үшін мектеп оқушысының

психологиялық-физиологиялық және танымдық мүмкіндіктері ескерілетін арнайы жағдайларды құрудың қажеттілігі айтылған. Инклюзивті білім беру жағдайында оларсыз жалпы білім беру және оқыту бағдарламаларын игеру мүмкін емес болатын оқу бағдарламалары мен арнайы оқыту әдістерін бейімдеу. Бұл ретте білім алушылардың барлық санаттарының, бастауыш және негізгі орта білім беру деңгейіндегі мүмкіндіктері шектеулі және ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды түзету-педагогикалық және әлеуметтік қолдау негізінде білім алуына теңдей қолжетімділігіне назар аударылған.

### **Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы**

Берілген диссертациялық жұмыстың негізгі қағидалары, нәтижелері мен тұжырымдары 11 ғылыми жарияланымда ұсынылған, оның ішінде 2 – SCOPUS базасына кіретін шетелдік журналдарда, 5 – ғылыми-практикалық конференция материалдарында, 3 – ҚР БҒМ БҒССБК ұсынылған журналдарда, 1 – жұмыс дәптері. «Өзін-өзі бағалауға арналған арнайы тапсырмалар» жұмыс дәптеріне авторлық куәлік алынды.

SCOPUS базасына кіретін шетелдік журналдарда:

1. Using self-assessment instruction to develop primary school students' self-esteem in inclusive practice in Kazakhstan // *Cypriot Journal of Educational Science*.- 2021-, pp. 1631-1642. ISSN 13059076 (Satova A., Autayeva A., Osanova A., Suranchina A., Uaidullakzyu E.). Мақалада оқушының өзін-өзі бағалауына әсер ететін фактор ретінде тұлғаның жалпы қалыптасуының негізгі құрамдас бөлігі болып табылатын өзін-өзі бағалау дағдысын қалыптастыру қажеттілігі негізделген. Мақала жазудағы докторанттың үлесі – 85%.

2. The attitude of teachers toward students self-assessment of educational achievements in inclusive education lessons // *Cypriot Journal of Educational Science*.-2022-, pp.643-651.ISSN 13059076 (Autayeva A., Orazayeva G., Kassymzhanova G., Zhigitbekova B., Bekmuratova G.). Мақалада инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімдердің өзін-өзі бағалауға деген қатынасы мен дайындық деңгейі, сабақтағы өзін-өзі бағалаудың болмау себептері анықталған. Мақала жазудағы докторанттың қосқан үлесі - 85%.

ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда басылып шыққан мақалалар:

1. Организация самооценивания обучающихся с ООП в инклюзивном обучении на основе принципа SMART (на примере уроков математики в начальной школе) // Абай ат. ҚазҰПУ «Педагогикалық ғылымдар» хабаршысы №1 (65) 2020.- 410-416 б. ISSN 1728-5496 (А.К.Сатова). Мақалада инклюзивті білім беру жағдайындағы өзін-өзі бағалаудың маңызы және жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижесі сипатталады-90%.

2. Organizing of self-assessment of learning achievements of primary school students in inclusive education // «Наука и жизнь» Қазақстанның халықаралық ғылыми журналы. 12-4(150) 2020.- 168-176 б. ISSN 2073-333X (А.К.Сатова). Мақалада өзін-өзі бағалауды ұйымдастырудың қағидалары мен тәсілдері оқу

іс-әрекетінің үдерісі ретінде және нәтижесі ретінде ашып көрсетілген. Докторанттың үлесі - 85%.

3. Особенности самооценивания обучающихся начальных классов в условиях инклюзивного образования // Павлодар Педагогикалық Университетінің хабаршысы, «Педагогика» сериясы, 1(2021).- 152-166 б, ISSN 2710-2661(А.К.Сатова). Мақалада өзін-өзі бағалау ерекшеліктері және оны күнделікті мектеп тәжірибесінде бастауыш білім берудің бағдарламасындағы материалды игеру үшін қолдану ерекшелігі сипатталады. Докторанттың үлесі - 90%.

Халықаралық және отандық ғылыми-практикалық конференция материалдарында:

1. Самооценка - один из структурных компонентов в развитии личности // Материали XV Международна научна практична конференция «Новината за напреднали наука»- София- 2019.-51-56 б. ISBN 978-966-8736-05-6. Мақалада өзін-өзі бағалау түсінігіне және бастауыш мектеп жасындағы балалардың өзін-өзі бағалауын дамытуға талдау жасалған. Докторанттың мақала жазудағы үлесі – 100 %.

2. Эффективность процесса самооценивания учебных достижений обучающихся в условиях инклюзивной практики // III Международная научно-практическая конференция «Новые педагогические исследования». Пенза-2020.–23-30 б. ISBN 978-5-00159-608-0 (А.К.Сатова). Бұл мақалада өзін-өзі бағалау мектеп тәжірибесіндегі үдеріс ретінде ұсынылған, оның тиімділік өлшемі өзін-өзі бағалаудың негізгі білімдерін игеру мен дағдыдарын қалыптастыру болып табылады. Докторанттың мақала жазудағы үлесі – 90 %.

3. The effect of specialised instruction on the level of self-assessment of primary school pupils in an inclusive environment: the case of Kazakhstan Social Science Education// - Elementary Education Online,- 2021,- pp. 1374-1382. ISSN 1305-3515 (Satova A.K., Baibekova M.M.). Берілген мақалада тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа сипаттама берілген, алынған нәтижелер оқу процесінде өзін-өзі бағалаудың психикалық дамуы тежелген балалар үшін де, қалыпты оқушылар үшін де тиімділігін негіздейді. Бұл жұмыстағы докторанттың үлесі - 95%.

4. Features of self-evaluation of learning achievements of elementary classes students in the conditions of inclusive education // Scientific Collection «InterConf», (40):with the Proceedings of the 2ndInternational Scientific and Practical Conference «Scientific Community: Interdisciplinary Research» Hamburg, Germany, -2021,-pp.193-205 ISBN 978-3-512-31217-5 (А.К.Сатова). Бұл мақалада бастауыш мектеп оқушысының оқу жетістіктерін өзін-өзі бағалау проблемасы бойынша ғылыми зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы ашып көрсетілген. Докторанттың мақала жазудағы үлесі - 90%.

5. Основные аспекты успешной реализации инклюзивного образования //Материалы международной научной-практической конференции «Интеграция теории и практики специального и инклюзивного образования» 2021.- 106-109 б. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті. ISBN 978-601-346-080-2. Мақалада бастауыш мектептегі инклюзивті білім беруді

табысты іске асырудың негізгі факторлары мен өлшемдері ашып көрсетілген. Докторанттың мақала жазудағы үлесі - 100%.

Жұмыс дәптері:

1. Специальные задания на самооценивание. Жұмыс дәптері. 76 п. № 18976 2021 жыл «24» маусым, Астана қ., Зияткерлік меншік институты. ISBN 978-601-09-1586-2. Жұмыс дәптерінде математикадан 1-3 сынып оқушыларына арналған «Оқу жетістіктерін өзін-өзі бағалауға арналған арнайы тапсырмалар жүйесі» ұсынылған. Бұл оқу тапсырмалары бастауыш сынып оқушыларының ерекше білім беру қажеттіліктерін ерекшеліктерін ескере отырып, "SMART" принципі және Блум таксономиясы негізінде дайындалған (А.К.Сатова). Докторанттың үлесі - 95%.